

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 22 қаңтарда № 4554 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 29 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округі әкімінің 05.12.2018 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қызылжар ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 11-11/351 ұсынысы негізінде, ауылдық округ әкімі ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Рассвет ауылдық округінің Красная Горка ауылында "Жанбай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Х.Жанабеков